

**МКҚК «Таңшолпан» бобекжай-балабақшасының консультациялық пунктін
жұмысын ұйымдастырылуы**

Анықтама
2024-2025 оқу жылының I тоқсаны

«Мектепке дейінгі ұйымдағы қамтылмаған және қамтылған балалар мен ата-аналармен жұмыстың ұйымдастырылуы»

«Ата-аналарға арналған консультациялық пункт» жұмысын ұйымдастыру үшін балабақшамен қамтылмаған балалар мен ата-аналар үшін колдау көрсету мақсатында әдіскер кабинетінде бұрын ұйымдастырылды.

Оларға «Ата-аналарға арналған консультациялық пункт» жөнінде ақпарат, оның мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, кеңестер беріледі.

Ата-аналар бұрышы отбасы жөніндегі мәліметтер жинағымен, сауалнама және кеңестер топтамасымен, әдістемелік құралдармен, нұсқаулықтармен, ойындар жинағымен, балалар әдебиетімен, нормативтік сілтемелер жинағымен және техникалық құралдармен жабдықталды. Ата-аналар үшін «Ашық ой» және «Сұрақ-жауап» күні жүйелі ұйымдастырылып, өткізіліп отыр.

«Консультативтік пункттер жағдайындағы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған балалар және ата-аналармен» жан-жақты, яғни баланы туған еліне, жеріне сүйіспеншілікке баулып, ұлтжандылыққа, басқа халықтарға бауырластыққа, достыққа тәрбиелеу үшін «Балабақшаға баланың бейімделуі», «Бала мен ата-ана арасындағы қарым - қатынас» тақырыптарында тәрбиешілер, педагогтар баяндама дайындап, ата-аналармен ой бөлісті. Бала тәрбиесі үшін маңызды «Дені саудың-жаны сау», «Кім жылдам?», «Ұялшақтық, ұяңдық оны қалай жеңуге болады?», «Баланың үйдегі әрекетін ұйымдастыру», «Баланы мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу» т.б. тақырыптарда топтық және жеке кеңестер берілді. «Консультативтік пункттер жағдайындағы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған балалар және ата-аналарды» көбіне толғандыратын сұрақтарға «Балалардың балабақшаға бейімделуі», «Балалардың қабілеттілігін анықтау жолдары», «Бала ағзасын шынықтыру» және тақырыптарда мамандар тарапынан кеңестер беріледі.

Ата-аналармен, баланың мектепке дайындығын анықтау мақсатында тестілер мен сауалнамалар жүргізіліп, балалардың оқу-білім деңгейін анықтап, мамандардың тиісінше кеңес-нұсқаулары беріліп отырады.

Балабақша ұжымы ата-аналар бастамасымен «Әжелер,Аталар,Аналар,Әкелер» мектебі жұмыс жасайды, «Балапан» тобының ата-аналары қол өнер бұйымдарын,ертегі қойылымына керекті заттар жасап әкелді., «Киелі киіз үй» колонер көрмесін, «Жас суретші», суретшілер байқауын, орай ойын-сауықтар, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар ата-аналармен бірлесе отырып, «Біз спортшылармыз», «Дені саудың –жаны сау» апталығы, спорттық іс-шаралары өткізілді. Бұл спорттық іс-шаралар салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата-аналар мен балалар арасында спортқа қызығушылықты арттыру және баланың төзімділігін, жылдамдығын, ептілігін, батылдығын дамыту, шыңдау мақсатында ұйымдастырылды.

Ата-аналар үшін «Келіңіз, танысайық», «Балаларды қоғамдық ортаға бейімдеу», «Бала дамуындағы отбасының ықпалы», «Бірлескен іс нәтижелі» қашықтан тақырыптарда ата-аналар жиналысы өткізілді.

Сонымен қатар «Күз сыйы» колонер көрмелерін ұйымдастыруға көмектесіп, ата-аналарға арналған консультациялық пунктке табиғи бұйымдардан жасалған

Мұндай игі істер бүлдіршіндер мен ата-аналар, педагогтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, достықтарын жарастырды.

Әдіскер-психолог Есжанова А.Б.

